

"Казпочтабанк" акционерлік банкінде мемлекеттік акциялар пакетін сату және Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі жанынан базалық банк операцияларын жүзеге асыру жөніндегі Республикалық мемлекеттік почта байланысы кәсіпорындарының ақшалай есеп айырысу басқармасын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 14 қараша N 1388

Екінші деңгейдегі банктерді жекешелендіру бағдарламасына сәйкес және республиканың бүкіл аумағында халыққа базалық банк қызметін көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті өзінің "Казпочтабанк" акционерлік банкінің мемлекеттік акциялар пакетіне ие болу, басқару және иелік ету өкілеттігін тоқтатсын және бір ай мерзімде бұл өкілеттіктерді Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне берсін.

2. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті "Казпочтабанк" акционерлік банкінің мемлекеттік акциялар пакетін сату үшін конкурстық негізде таңдап алынған қор биржасына шығарсын.

3. "Казпочтабанк" акционерлік банкінің мемлекеттік акциялар пакетін сатудан түскен қаражат Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Қазынашылықтың арнаулы шотына есептелсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1997 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі жанындағы Республикалық мемлекеттік почта байланысы кәсіпорнының құрылымында Ақшалай есеп айырысу басқармасын құру туралы ұсынысына келісім берілсін.

5. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі жанындағы Республикалық мемлекеттік почта байланысы кәсіпорны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісімімен Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі жанындағы Республикалық мемлекеттік почта байланысы кәсіпорнының жаңадан құрылған Ақшалай есеп айырысу басқармасының клирингтік есеп айырысу операцияларын жүзеге асыруға лицензия алу үшін қажетті құжаттамаларды әзірлесін және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тапсырсын.

6. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 22 тамыздағы N 1158 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 8 ақпандағы N 180 қаулысының 1-тармағының төртінші абзацы және 2-тармағының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК